



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)

2024 жылғы 17 сәуірдегі № ДЗ-157 сауалға

Құрметті депутаттар!

Су тасқынына қатысты жағдайды тұрақтандыру және табиғи апаттан келген залалды өтеу жөніндегі сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймыз.

Үкімет жергілікті атқарушы органдармен бірге су тасқынына қатысты жағдайдың күрделенуіне жол бермеу, адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оларды құтқару, сондай-ақ табиғи сипаттағы төтенше жағдайдың салдарын барынша азайту және ел тұрғындарына су тасқынынан келген залалды өтеу бойынша бірқатар шараларды жүзеге асыруда.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтар броньнан шығарылды.

Зардап шеккендерге 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы өтемақы түрінде және мүліктік шығындардың орнын толтыру үшін 150 айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде материалдық көмек көрсету бойынша (оның ішінде шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне) жұмыс жүргізілуде.

Шығынға ұшыраған ауыл шаруашылығы жануарларының құнын өтеу жүргізілуде.

Зардап шеккен азаматтардың тұрғын үй мәселелерін жедел шешу мақсатында алгоритм әзірленді, ол бойынша:

дайын тұрғын үй сатып алу (мемлекеттік тұрғын үй қорынан);

сатып алынатын тұрғын үйді зардап шеккендердің өз бетінше таңдау мүмкіндігі;

жаңа тұрғын үй салу (бір типті жобалар бойынша);

жөндеу жұмыстарын жүргізу немесе олардың шығындарын төлеу қарастырылған.

Сонымен қатар зардап шеккен саяжай объектілерінің меншік иелерін, егер бұл олардың жалғыз тұрғын үйі болып табылса, сондай-ақ жылжымайтын мүлікке құқық белгілейтін құжаттары болмаса, тұрғын үймен қамтамасыз ету жоспарланған.

Сонымен бірге автомобиль жолдарының, темір жолдардың, көпірлер мен су өткізу құрылыстарының қираған учаскелерін қалпына келтіру бойынша шаралар қабылдануда.

Осы мақсатта қалпына келтіру жұмыстарына тікелей қатысатын ірі бизнес өкілдері айқындалды және бекітілді (*тұрғын үй мен әлеуметтік объектілерді, инфрақұрылымды (жолдар, көпірлер және т.б.) қалпына келтіруді не салуды техникалық сүйемелдеуді және коммуникацияларды жүргізуді*), зардап шеккен өңірлерге тұрғын үйді салуға және қалпына келтіруге бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі шеңберінде ірі құрылыс компанияларын тарту мәселелері пысықталды.

Табиғи апаттан зардап шеккен диқандарды қолдау мақсатында қарыздарды ұзартудың/қайта құрылымдаудың жеңілдетілген шарттары бекітілді.

Эпидемиялық маңызы бар объектілерде эпидемияға қарсы және профилактикалық іс-шаралар (*оның ішінде жануарлардың өлексесін жинау және кәдеге жарату*) жүргізілуде.

Республиканың барлық өңірлерінде жоспарлы түрде сібір жарасына және басқа да аса қауіпті ауруларға қарсы вакцинация жүргізілуде.

Гидротехникалық құрылыстарға, өзен бассейндеріндегі барлық су шаруашылығы құрылыстарын түгендеу, оның ішінде иесіз және экономикалық тиімсіз құрылыстарды анықтау бойынша комиссиялық шолу аяқталуда.

Сонымен қатар су тасқынынан зардап шеккен өңірлердің халқын қолдау мақсатында салықтық әкімшілендіру бөлігінде және коммуналдық төлемдерді кейінге қалдыру бойынша қолдау шаралары қабылданды.

Анықтама: салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің барлық түрлері бойынша төлеуді кейінге қалдыруды ұсыну, салық есептілігін тапсыру мерзімдерін, салық органдарының хабарламаларын орындау мерзімдерін ауыстыру, салық берешегін мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қабылдауды тоқтата тұру, өсімпұлды есептемеу және салықтық тексерулерді тағайындауды және жүргізуді тоқтата тұру мерзімі – 2024 жылдың 1 шілдесіне дейін.

Бұдан басқа, екінші деңгейдегі банктер мен микроқаржы ұйымдары су тасқынынан зардап шеккендер санатына жатқызылған барлық азаматтар мен шағын және орта бизнес субъектілерін өз бөлімшелеріне бару қажеттігінен босатып, оларға айыппұлдар мен өсімпұлдар есептемей, 3 ай мерзімге (*а.ж. 1 сәуірден 30 маусымға дейін*) төлемдерді автоматты түрде кейінге қалдыруда.

Білім беру процесіндегі кедергілер ескеріліп, мектеп оқушылары ағымдағы емтихандар мен тестілеуден босатылып, оларды оқу процесі қалпына келтірілгеннен кейін тапсыру мүмкіндігі берілді.

Сонымен қатар жергілікті атқарушы органдарға жәрдемдесу үшін бір күн мерзімде 3 мобильді топ құрылып, зардап шеккен өңірлерге жіберілді, олардың құрамына Өнеркәсіп және құрылыс, Ауыл шаруашылығы, Көлік, Денсаулық сақтау, Су ресурстары және ирригация, Төтенше жағдайлар, Экология және табиғи ресурстар, Ғылым және жоғары білім министрліктерінің басшылығы кірді.

Сапар барысында мобильді топтар су басқан жерлерге *(оның ішінде саяжай учаскелеріне)*, эвакуациялық пункттерге, білім беру, медицина және ауыл шаруашылығы құрылымдарына барды.

Сонымен қатар топ мүшелері жергілікті атқарушы органдар өкілдерімен бірге зардап шеккен тұрғындармен, еңбек ұжымдарымен, құтқарушылармен, еріктілермен, жалпы білім беретін орта мектептердің, орта және жоғары оқу орындарының оқушыларымен, әлеуметтік мекемелердің қызметкерлерімен, құрылыс компаниялары мен бизнес өкілдерімен кездесулер өткізіп, көмек көрсету алгоритмдерін түсіндірді.

Үкімет су тасқынын жою, зардап шеккендерге көмек көрсету, залалды өтеу және басқа да іс-шаралар бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы мемлекеттік органдардың ресми ақпарат көздерінде, пабликтерде, әлеуметтік желілер топтарында және барлық деңгейдегі мессенджерлерде жан-жақты ақпараттандыруды қамтамасыз етті.

Жұмыс Үкіметтің тұрақты бақылауында.

О. Бектенов

Парламент Мәжілісі депутаттарының тізімі:

1. Р. Зайтов
2. Қ. Әбден
3. Н. Әуесбаев
4. Е. Бейсенбаев
5. А. Зейнуллин
6. Г. Танашева
7. Н. Тау
8. М. Толықбаев
9. Д. Тұрғанов